

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақы жинақтары жарты жылда 1,4 триллион теңгеге өсті

БЖЗҚ-ның 2023 жылдың 1 шілдесіндегі негізгі көрсеткіштері

2023 жылғы 1 шілдеге Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) жеке шоттарында **16,1 трлн теңге** сомаға зейнетақы жинақтары қалыптастырылды. Жыл басынан бері 01.07.2023 ж. олардың өсімі **1,4 трлн теңгені** (9,6%) көрсетті. Өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда зейнетақы жинақтарының көлемі **2,7 трлн теңгеге** (немесе **20,1%**) өсті.

Өсім жарналар мен инвестициялық табыс түріндегі кіріс, сондай-ақ, зейнетақы төлемдері түріндегі, оның ішінде кесте бойынша және біржолғы - тұрғын үй мен емделу, мұрагерлік, жерлеу, тұрақты тұруға кету және т. б. мақсаттағы шығыс ағындары есебінен қалыптасты.

2023 жылдың 6 айында зейнетақы жарналарының сомасы **1024,7 млрд теңге** болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 26% немесе **213,4 млрд теңгеге** жоғары. Айта кетейік, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім МЗЖ бойынша 26%, МКЗЖ – 26%.

Отандастарымыздың жинақтарының 96,8% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан. 01.07.2023 ж. МЗЖ көлемі **15,6 трлн теңгеге** жетті (бір жылдағы өсім - 19,9%, жыл басынан бері – 9,5%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы өткен жылдың 1 шілдесінен бастап 27,9%, ағымдағы жылдың басынан бастап 13,2% ұлғайып, **504,3 млрд теңге** болды. Ең үлкен өсімді (жылына 60,8%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі **4,4 млрд теңгеге** жетті.

БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері шамамен **571,2 млрд теңгені** құрады.

01.07.2023ж. жүзеге асырылған төлемдерді ескере отырып, зейнетақы жинақтарының құрылымындағы жинақталған таза кірістің үлесі **36%** көрсетті.

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны **12,2 млн** бірлікті құрады, оның ішінде МЗЖ - **11 млн**, МКЗЖ – **618,6 мың**, ЕЗЖ – **378,5 мың**.

Жыл басынан бері БЖЗҚ шамамен **209,9 млрд теңгеге** төлем жасады. 01.07.23 ж. жасына байланысты төлемдер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25% ұлғайып, **71,9 млрд теңгеге** жетті (төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі – **34,2%**), тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері – **79,5 млрд теңге** (төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі – **38%**) – бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 есе аз. Сондай - ақ, жыл басынан бері мұрагерлік бойынша төлемдер – **25,4 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **18,6 млрд теңге**, мүгедектік бойынша төлемдер – **1 357,5 млн теңге**, жерлеуге төлемдер – **2,6 млрд теңге** жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына шамамен **10,5 млрд теңге** аударылды.

БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлемнің мөлшері (зейнет жасына толуына байланысты) **32 111 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы – **742 692 теңге**. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы төлемнің орташа сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) **29 794 теңге**, ең көбі - **707 326 теңге** болған еді.

Зейнетақы активтері бойынша, оның ішінде еліміздің өңірлері бөлінісіндегі статистикалық деректер туралы барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" бөлімінде жарияланған.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).